**Қазақстан Республикасы**
**Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі**
2016 жылғы «21» 09
№ 819
Астана қаласы

**Қазақстан Республикасы**
**Инвестициялар және даму министрлігі**
2016 жылғы «28» 09
№ 688
Астана қаласы

**Қазақстан Республикасы**
**Ішкі істер министрлігі**
2016 жылғы «21» 09
№ 919
Астана қаласы

# БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

**Жол-көлік оқиғаларына жедел ден қою және онда зардап шеккен адамдарға уақтылы кешенді көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ
20 16 ж. « 2 » қараша
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 14384 болып тіркелді

«Жол жүрісі туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 32-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Жол-көлік оқиғаларына жедел ден қою және онда зардап шеккен адамдарға уақтылы кешенді көмек көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы құқықтық нормативтік актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министрлеріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Денсаулық сақтау және әлеуметтік**
**даму министрі**
**_______________Т. Дүйсенова**

**Қазақстан Республикасының**
**Инвестициялар және даму**
**министрі**
**_______________Ж. Қасымбек**

**Қазақстан Республикасының**
**Ішкі істер министрі**
**_______________Қ. Қасымов**